



Автор: Балмагамбетова Жайнагуль Амангалиевна
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Мәдени мұра
Тақырып: Сабырсыз, арсыз, еріншек. Абай Құнанбаев.

Сабақта меңгерілетін дағдылық мақсаттар	Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармашылығымен таныстыра отырып, өлеңнің негізгі идеясын ашуға үйрету, адам бойындағы жағымсыз қасиеттерден бойын аулақ ұстауға баулу, көркем мәтіннен жұмыс істей алу дағдысын жетілдіру, оқып түйгендері туралы ой қорытындысын айтқызып жаттықтыру.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар білуге тиісті: Автордың өмірі мен шығармашылығы туралы біледі. Оқушылардың көпшілігі білуге тиіс: Тақырып мазмұнын түйсінуі тиіс Кейбір оқушылар білуге тиіс: Автордың өзге де шығармаларын.
Бұрыннан бар білімдері	Тапсырмаларды сатылай кешенді талдауды біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басталуы (17 мин)	Ұйымдастыру кезеңі Топқа бөлу Бағалау парақшасын тарату Топбасшы сайлау Үй тапсырмасын сұрау Тақырыпты анықтау Ертегіден адамның жағымды, жағымсыз мінез құлықтарын қарап отырайық.	Қызығушылықты ояту Өлең шумақтары Бағалау парағы Микрофон Абай Құнанбаев видеоролик Жақсылық пен жамандық ертегісі
Ортасы (17 мин)	Жаңа сабақ Топтық жұмыс (Абайдың бір өлеңін баяу қосып қою)	Оқулық Сандықша А-3 маркер
Сергіту сәті (2 мин)	Желсіз түнде жарық ай Өлеңін айту	Өлеңнің музыкасы
Аяқталуы (2 мин)	- «Абай» атты автобустан қалма деп аталады. (сұрақ қойылады, жауап берген оқушы мінеді. Келесі сұрақты мінген оқушы қояды.) -сабақтан алған әсерім. Смайлик -бағалау парақшасындағы балды есептеу	Автобус суреті смайлик
Үйге тапсырма (2 мин)	өлеңді мәнерлеп оқу, үш топқа өлең аттары беріледі, сол өлеңде не туралы айтылғанын дәптерге жазып келу (өзгеге көңілім тоярысың, қансонарда бүркітші шығады аңға. Қажымас дос халықта жоқ)	